

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
80 жылдығы және «Психология» бөлімі ашылуының
25 жылдығына арналған
**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ:
ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, БОЛАШАҒЫ»**
тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
**«ПСИХОЛОГИЯ В КАЗАХСТАНЕ:
ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ, БУДУЩЕЕ»**,
посвященной 80-летию Казахского национального
университета аль-Фараби и 25-летию открытия отделения
психологии

MATERIALS
International Research and Practical Conference
**“PSYCHOLOGY IN KAZAKHSTAN:
PAST, NOWADAYS AND FUTURE”**
Dedicated to 25th Anniversary of Foundation of “Psychology”
Department and to 80th Anniversary of Al-Farabi Kazakh
National University

1 том

Алматы
21 желтоқсан 2013ж.

Марденова Ж.М., Бердібаева С.Қ. ҚАЗІРГІ ЗАМАНЫҢ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ КҮНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	66
Наурзалина Д.Г., Карабалина А.А., Есеналина А.С. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ДЕТЕРМИНАНТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ СТУДЕНТОВ	72
Резванцева М.О. ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКА ОЦЕНИВАНИЯ У СТАРШЕКЛАССНИКОВ ВОСТОЧНОГО И ЗАПАДНОГО РЕГИОНОВ СНГ	79
Сайлыбаева Қ.Ә., Ниегбаева М.Ә. ЭТИКАЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	89
Сейдалиева Г.Ш., Сабекова Д.А., Оразбаева А.Ш. ЭТНОСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ДАМУЫ	95
Сейітнұр Ж.С., Жолдасова М.К. ИНДИГЕНДІК ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ РӨЛІ	102
Тәуіпбаева А.Т., Махмудова Г.Т. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАБИғАТ ҚОРҒАУ ДӘСТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ОТБАСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	109
Тоқсанбаева Н.Қ., Нағашбекова М., Узакбаева Л. ЭТНОПСИХОЛОГИЯДАҒЫ КРОССМӘДЕНИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ АЛҒЫШАРТЫ	115
Усманов Ә.Ә. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	120

3 СЕКЦИЯ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТІЛЕРІ
СЕКЦИЯ 3 ПРИКЛАДНЫЕ АСПЕКТЫ СОВРЕМЕННОЙ ПСИХОЛОГИИ

Абдикерова Г.О., Омарова Ә.Т. ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗІН-ӨЗІ СЕЗІНУДІ ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ	126
Ағабаева Ш.Б., Бөлегенова М.С., Садықова Н.М. ТҮЛҒАНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ӨЗЕКТЕНДІРУІНІҢ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	130
Айтышева А.М. СТУДЕНТТІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНЫҢ БОЛАШАҚ МАМАНДЫҒЫНА ДАЙЫНДАЛУЫНА ЫҚПАЛЫ	135
Altynbek Zh., Aimagambetova A. RELIGIOUS IDENTITY OF YOUTH IN KAZAKHSTAN	140
Ақышова Н.М., Дәужанова Л.М. МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОТБАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ	146
Ақышова Н.М., Жүнісова Г.Ж., Куанова С.Б. СУИЦИД - ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ	153

Алибаева Р.Н., Мырзатаева М.П., Абдрахманова Г. ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	159
Алимбаева Р.Т., Момынбекова Г.М. Кабакова М.П. ОСОЗНАНИЕ СМЕРТИ КАК ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ УСЛОВИЕ ПОНИМАНИЕ ЦЕННОСТИ ЖИЗНИ	164
Алтынбеков А.Б. ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕУРОПА: ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕККЕ ҚАТЫНАСЫ, БАСЫМДЫҚТАРЫ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫ	169
Асаубаева А.К. ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ОТБАСЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	174
Асқарбек А., Айтенова Э.А. ЖАСӨСПІМ ШАҚТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҒАЛАМТОРҒА ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ	180
Әмірова Б.Ә. ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ ФИЛЬМДЕРДІҢ ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ САНА-СЕЗІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТУІ	187
Бақимова С.П., Қалымбетова Э.К. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ АЛҒЫШАРТТАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	196
Балабай А. МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ	201
Бахрамова Г.А. ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ ШКОЛ КАЗАХСТАНА	206
Бахтыбек Р.Б., Абрелева М.М., Дуйсенбеков Д.Д. РЕЛИГИОЗНО-ПОЛИТИЧЕСКИЙ ЭКСТРЕМИЗМ КАК ФЕНОМЕН СОЗНАНИЯ	211
Бердібаева С.Қ., Дәрібаева С.К., Санар А., Өтеген С., Сейдеқали Ж. ШЕТ ЕЛГЕ КЕЛГЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІ	218
Бисембаева Т.Ж., Шугаева Г.К. ЭМОЦИОНАЛЬНАЯ ТРЕВОЖНОСТЬ И ЕЕ ПРОЯВЛЕНИЕ У ДЕТЕЙ РАЗНОГО ВОЗРАСТА	225
Болтаева Ә.М., Жұмабекова А.Ә. МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІНІҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	230
Болтаева Ә.М., Қошым-Ноғай И.Б. ЖАРНАМАЛЫҚ ӘСЕР ЕТУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНИКАЛАРЫ	234
Борбасова Г.Н. НЕКЕГЕ ОТЫРҒАН ЖАС ӘЙЕЛДЕРДІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БАҒЫТТЫЛЫҚТАР СӨЙКЕСТІГІНІҢ ӨЗГЕРУ ШАРТЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОЙЛАУ ЗЕРТТЕУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	239
Бүйембаева Ш.Б., Айтенова Э.А., Мауленова Қ.И. ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ АКМБОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ	244
Досымбекова Р.Ш. ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ СЛУЖБА В ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНАХ: СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ КАДРОВ	250

фактора влияющего на формирования самосознания личности. Так же теоретический анализ о роли киноискусства в формировании личности в подростковом возрасте и результаты исследования влияния содержания фильма «Сироты» на самосознания подростков.

The article provides a brief description of the history of Kazakh's cinematography as a factor which has affect the formation of self-consciousness. Additionally, autor performs theoretical analysis of the role of cinema in personal development of the teenagers and describes the results of current investigation of effects of watching a movie "Orphans" on consciousness of young people.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ АЛҒЫШАРТТАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бақимова С.П.,
Қалымбетова Э.К.,

Аталған мақала әлеуметтік экологиялық ілімдердің арақатынасын ашып, экологиялық психологияның тармақтары, зерттеу аймағының ерекшеліктерін түсіндіруге бағытталған. Осы саладағы көрнекті ғалымдардың еңбектері негізінде экологиялық сананың жалпы экологиялық жағдайды қалыпты ұстаудағы рөлі баяндалған. Экологиялық дағдарыстың алдын-алуға маңызды рөлді атқаратын менталды экологияның маңызы қарастырылған.

Негізгі ұғымдар: жаһандық экология, экологиялық психология, менталды психология, экологиялық сана, экологиялық әлеуметтану, адам экологиясы

Экологиялық психология — адам және қоршаған ортаның (кеңістіктік-географиялық, әлеуметтік, мәдени) өзара қарым-қатынасы, өзара әсерінің психологиялық аспектілері жайлы пәнаралық білім аймағы. Экологиялық психология психология, әлеуметтік психология, адам экологиясы, жүріс-тұрыс географиясы түйіскен тұста адам мен қоршаған орта қарым-қатынасының әлеуметтік-гуманитарлы мәселелерінің кең ауқымын зерттеуші пән ретінде пайда болды.

Әдебиеттерде әлеуметтік-экологиялық ойдың әлеуметтік экологияның құрылымды элементтері ретінде қарастыруға болатын үш үлкен бағыттары қалыптасқан: жаһандық экология, экологиялық әлеуметтану, адам экологиясы [1]. Жаһандық психология жалпы адамзат пен Жер биосферасының қарым-қатынасын зерттейді. Оның басты ерекшелігі зерттелетін мәселелердің жаһандық сипатқа ие болуы. Жаһандық экологиялық мәселелердің пайда болуы мен зерттелуі ең алдымен табиғат ресурстарын асыра пайдалану мен қоршаған ортаны шектен тыс ластаумен байланысты. Әлеуметтік экологиядағы екінші бағыт тұрғындардың әртүрлі тобының (кластық, этникалық, территориялық) қоршаған ортамен қарым-қатынасын адамды қоғамдық тіршілік иесі ретінде қарастыратын көзқарас негізінен зерттеу болып табылады. Бұл бағыт қазіргі таңда экологиялық әлеуметтану деп айтылады. Жалпы түрде оның пәні — «табиғаттың әлеуметтенуінің» барынша масштабы артып, тереңдегені сайын пайда болатын құрылымдар мен процестер, өзгерістер мен кикілжіңдер. Ал

адам экологиясының пәні индивид пен адамның табиғи ортасының қарым-қатынастарының жүйесі болып табылады. Бұл жерде әңгіме медико-биологиялық ғылымдардың жүйесі жайлы болып отыр. Әлеуметтік экологиядағы үш аталған бағыт көптеген мәселелерді шешу үшін әлі де жеткіліксіз. Алдағы уақытта дифференциация процестері мен түрлі ғылым білімдерінің интеграциясы керек.

Адамдардың экологиялық көзқарастарының тарихы өте ерте кезден басталады. Адамзат түрі дамуының бастауларында қоршаған орта және онымен қарым-қатынастың сипатын білу тәжірибелік мәнге ие болды. Қазіргі зерттеушілердің айтуы бойынша таным және адам мен табиғат қарым-қатынас процесін жүйелеуге деген алғашқы қадамдар ежелгі Қосөзен, Египет, Қытай өркениеттерінен бастау алады. Бұл кезеңде табиғатты зерттеу айқын белгіленген утилитарлық бағытта болды [2].

Экологиялық білімнің көшпенділер өркениетіндегі түсінігі де терең. Көшпенділер бір жерде 300 жылдан артық өмір сүре алмады. Олардың уақыттық циклінің айналым шегі де осы. Бұл шек жайылымның тозуы, тапталуы, тозығы жетумен ғана байланысты емес, далада үнемі болатын ылғалдылық немесе құрғақшылық процестеріне де байланысты еді. Л.Н. Гумилев көрсеткен үш жүз жылдық уақыт кезеңдері көші-қон аридтілігінің дәрежесіне тәуелді таза көшпенді қауымдастықтар белгілі бір аймақта ұзақ уақыт бойы өмір сүре алмайды, олар физикалық-жағрапиялық заңдылықтарға тәуелді, сондықтан да „мәңгі кезбелік” өмір сүруге немесе жартылай көшпелі мал өсіру кәсібіне ауысуға мәжбүр болды. Бұдан шығар қорытынды жартылай көшпелі мал өсірудің „таза” көшпенділіктен артықшылығы экономикалық себептерден туындайды.

Қазіргі мәдени құндылықтар жүйесінің құрамына табиғат енеді. Бұл барлық саладағы мамандар үшін маңызды адамзат пен табиғаттың коэволюция идеясы сияқты экологиялық принциптердің жүзеге асуынан көрінеді (А. Швейцер, Н.Н. Моисеев). Н.Н. Моисеевтің айтуы бойынша қоғамға адам өмірін, адамзаттың одан әрі дамуы мен табиғатпен бірге әрекет ету эволюциясын қамтамасыздандыратын тыйымдар мен шарттар жиынтығы ретінде экологиялық императив қажет. Осындай әдіснамалық қағидалар экологиялық білімнің мақсатты бағыттарын анықтауға мүмкіндіктер туғызады [3].

Экологиялық білімнің мақсаты - қоршаған ортаға ғылыми тұрғыда және тиімді қарым-қатынас жасайтын, еркін түрде табиғатпен, қоршаған ортамен үйлесімділікте дамитын тұлғаны қалыптастыру. Экологиялық білім мен тәрбиенің мақсаты ғалымдар зерттеулерінде қалыс қалмаған. Мысалы: И.Д. Зверев экологиялық білім мен тәрбиенің мақсаты ретінде қоршаған ортаға жауапкершілікті және іс-әрекеттік қарым-қатынасты қамтамасыздандырушы ғылыми білімдер жүйесін, көзқарастар мен сенімдер жүйесін қалыптастыруды дұрыс санайды.

Т.В. Кучер экологиялық білімнің мақсатын тәрбиеленушілерге табиғат қорларын тиімді пайдалану барысында септігін тигізетін табиғат заңдары